

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТКІЗІЛДІ.

Өткен жылдың соңғы айының аяғына таман Қазақстан Республикасы ПМ Қостанай академиясының акт залында Қостанай қаласының мектеп бітіруші оқушыларына арналған Ашық есік күні өткізілді.

Қазақстан Республикасы ПМ Қостанай академиясы Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері және ішкі істер органдары үшін сотталғандарды түзеу және жазаларды орындау мәселелері бойынша ғылыми – зерттеу жұмысын жүргізетін, «құқық қорғау қызметі», «педагогика және психология» және «әлеуметтік жұмыс» мамандарын даярлайтын ведомстволық оқу орны болып табылады.

Ашық есік күніне жиналған орта мектеп бітірушілеріне Қылмыстық-атқару жүйесіндегі басқару және әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасының бастығы полиция полковнигі Нұрлан Толқынбаев Қазақстан Республикасы ПМ жоғары ведомстволық оқу орындарына қабылдау ережелерін, оқу ордасына қабылдау кезіндегі медициналық – психологиялық және дене дайындығы бойынша талапкерлерге қойылатын талаптарды жеткізді.

Іс-шара барысында орта мектеп бітірушілер полиция полковнигі Н. Толқынбаевқа әртүрлі сұрақтарын қойды. Сондай-ақ, олар Академия мұражайына, эстетикалық тәрбиелеу орталығына, асханаға және спорт кешеніне экскурсия жасады.

Іс-шара соңында, мектеп бітірушілерге кәсіптік бейімдеу түріндегі үгіт-насихат материалдары танысу үшін ұсынылды.

Орынбасар Уақпаева
ҚР ПМ Қостанай академиясы
баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы